

**«Сәулет және құрылыс» бағыты бойынша диссертациялық кеңестің
2025 жылға арналған жұмыс туралы есебі**

"Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ" КЕАҚ жанындағы "Сәулет және құрылыс" мамандықтары (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңес (білім беру бағдарламалары бойынша: 8D07302- "Сәулет және қала құрылысы", 8D07303- "Құрылыс және құрылыс материалдары мен конструкцияларын өндіру", 8D07305- "Құрылыс және құрылыс материалдары мен конструкцияларын өндіру")/8D07308- "Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру")

КЕАҚ «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті» Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың 2023 жылғы 03 ақпандағы № 47-П/Ө бұйрығымен бекітілген.

1. Өткізілген жұмыс отырыстарының саны – 18. Диссертациялық жұмыстарды қорғау бойынша өткізілген отырыстар саны – 9.

2. Кеңес отырыстарының жартысынан азына қатысқан кеңес мүшелері жоқ.

3. Оқу ұйымын көрсете отырып докторанттардың тізімі:

- Төлегенова Ә. Қ. – Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

- Хамза Е. Е. – Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

- Альмукашева Д. Б. – Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

- Аленов Қ. Т. – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

- Құттыбай М. Т. – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

- Әуесбек С. Т. – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

- Шадқам А. С. – Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

- Жағифаров А. М. – Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

- Яскевич В. В. – Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

4. Кеңеске ұсынылған диссертациялық жұмыстарға қысқаша талдау

№	Докторанттың аты-жөні	Диссертация тақырыбы	Шифры және атауы мамандықтар	Докторантураны бітірген жылы	Оқытуды ұйымдастыру
1	Төлегенова Әйгерім Қайратқызы	«Химиялық коспалар қолдана отырып тұтасқұймалы бетонның құрамын есептеу»	8D07305 - «Құрылыс және құрылыс материалдары және құрылымдары өндірісі»	01.09.2019-31.08.2022	Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ
2	Хамза Ерлан Ерғалиұлы	«Туф тау жыныстарын пайдалануарқылы жеңіл құрылымды бетон технологиясын дамыту»	8D07305 - «Құрылыс және құрылыс материалдары және құрылымдары өндірісі»	01.09.2019-31.08.2022	Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ

3	Альмукашева Дина Букенбаевна	«Қазақстанның ірі қалаларға арналған сәулеттік дизайн кодтардың қалыптасу принциптері»	8D07302 – «Сәулет және қала құрылысы»	01.09.2021- 31.08.2024	Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ
4	Аленов Канат Табынович	«Құрылыс конструкцияларының арматуралық элементтермен нығайтылған деформацияланатын ортамен әрекеттесу кезіндегі кернеулі-деформацияланатын күйін зерттеу»	8D07365 – «Құрылыс» бойынша.	25.08.2014- 01.08.2017	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
5	Құттыбай Мұса Талғатұлы	«Феррокорытпа өндірісінің қалдықтары негізінде құймалы модификацияланған бетонның эксплуатациялық қасиеттерін жоғарылату»	8D07340 - «Құрылыс материалдарын , бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру»	01.09.2022- 01.07.2025	М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
6	Әуесбек Сұлтан Темірбекұлы	«Модификациялаушы қоспалары бар фосфор қожысынан алынған ұсақ ұнтақталған цемент негізіндегі бетондар өндірісі» .	8D07340 – «Құрылыс материалдарын , бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру»	01.09.2022- 01.07.2025	М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
7	Шадқам Асылбек Сафарәліұлы	«Сейсмикалық әсерлер кезінде сейсмикалық оқшауланған негізімен құрылымның әрекеттесуін модельдеу»	8D07303 - «Құрылыс және құрылыс материалдары мен құрылымдарын өндіру»	01.09.2022- 31.08.2025	Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ
8	Жағифаров Адлет Музафарұлы	«Түрлі модификаторларды қолдану арқылы өздігінен нығызылатын бетонның эксплуатациялық сенімділігін арттыру»	8D07305 «Құрылыс және құрылыс материалдарын , бұйымдары мен құрылымдарын өндіру»	01.09.2022- 31.08.2025	Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ

9	Яскевич Владимир Владимирович	«Қазақстан Республикасының сәулет-құрылыс тәжірибесіне BIM технологияларын енгізу парадигмасы»	8D07302 – «Сәулет және қала құрылысы»	01.09.2019-31.08.2022	Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ
---	-------------------------------	--	---------------------------------------	-----------------------	-------------------------------

1) Қаралған жұмыстардың тақырыптамасын талдау
 Ұсынылған докторлық диссертациялардың тақырыптамасы құрылыс, сәулет, құрылыс материалдары мен конструкцияларын өндіру, сондай-ақ саланы цифрландыру бағыттарындағы өзекті ғылыми және қолданбалы мәселелердің кең ауқымын қамтиды.

Зерттеулердің елеулі бөлігі келесі бағыттарға арналған:

- жаңа буын бетондарын (монолитті, жеңіл конструкциялық, өздігінен тығыздалатын, күйма және модификацияланған бетондар) әзірлеу және жетілдіру;
- құрылыс материалдары өндірісінде өнеркәсіптік қалдықтарды (ферроқорытпа өндірісінің қалдықтары, фосфор шлактары, туф) пайдалану, бұл ресурсты үнемдеуге және экологиялық тұрақтылықты арттыруға ықпал етеді;
- құрылыс конструкцияларының пайдалану қасиеттері мен сенімділігін арттыру;
- сейсмотұрақтылық мәселелері және ғимараттардың іргетаспен өзара әрекеттесуін модельдеу;
- сәулет-қала құрылысы тәсілдерін дамыту, оның ішінде қалалардың дизайн-кодтарын қалыптастыру;
- BIM-технологияларын сәулет-құрылыс практикасына енгізу.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыстардың тақырыптамасы іргелі зерттеулер мен қолданбалы міндеттерді үйлестіретін пәнаралық сипатқа ие және Қазақстан Республикасының құрылыс саласының қажеттіліктеріне бағытталған.

2) Диссертация тақырыптарының ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы
 Диссертациялық зерттеулердің тақырыптамасы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған, «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес белгіленген ғылымды дамытудың басым бағыттарымен, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық және индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламалармен тікелей байланысты.

Атап айтқанда, зерттеулер келесі басым бағыттарға сәйкес келеді:

- техногендік қалдықтар мен екінші реттік ресурстарды пайдалану арқылы орнықты даму және «жасыл» технологияларды дамыту;
- бетондар мен құрылыс конструкцияларының жаңа технологияларын әзірлеу арқылы құрылыс кешенінің индустриялық-инновациялық дамуы;
- Қазақстанның сейсмикалық қауіпті аймақтары үшін өзекті болып табылатын инфраструктуралық қауіпсіздігі мен сейсмотұрақтылығын арттыру;
- BIM-технологияларын енгізу арқылы экономиканы және құрылыс саласын цифрландыру;
- жайлы қалалық ортаны қалыптастыруға бағытталған заманауи сәулет пен қала құрылысын дамыту.

Осылайша, диссертациялық зерттеулер Қазақстан Республикасының ғылыми-технологиялық және әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық міндеттеріне толық сәйкес келеді.

3) Диссертациялық зерттеулер нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау

Диссертациялық зерттеулердің нәтижелері жоғары практикалық маңызға ие және экономиканың нақты секторына енгізуге бағытталған.

Атқарылған жұмыстар аясында:

- әзірленген бетон құрамдары мен технологиялар құрылыс индустриясы кәсіпорындарында, жобалау және өндірістік ұйымдарда қолданылуы мүмкін;
- алынған ғылыми нәтижелер жоғары оқу орындарының құрылыс және сәулет бейіндері бойынша мамандар даярлау кезінде оқу процесіне енгізілген немесе енгізілуі мүмкін;
- жекелеген қағидалар мен әдістемелер жобалау-іздігіру тәжірибесінде, құрылыс конструкцияларын есептеу және модельдеу кезінде қолданылады;
- BIM-технологиялар бойынша жүргізілген зерттеулер оларды Қазақстан Республикасының сәулет-құрылыс қызметіне кезең-кезеңімен енгізуге негіз қалайды;
- диссертация материалдары нормативтік-техникалық және әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу кезінде пайдаланылады.

Зерттеу нәтижелерін енгізу туралы актілер, жарияланымдар, оқу-әдістемелік әзірлемелер, өндірістік және жобалау алаңдарында апробациялау материалдары, сондай-ақ патенттер бар екенін атап өткен жөн, бұл орындалған диссертациялық жұмыстардың практикалық бағыттылығын растайды.

Диссертациялық кеңеске 2025 жылы оқуын аяқтаған докторанттардың 4 диссертациялық жұмысы ұсынылды.

Жалпы алғанда, диссертациялық кеңеске 9 (тоғыз) жұмыс ұсынылды, олар кеңестің бейіні мен қызмет бағытына сәйкес келеді, бейіндік кафедралардың отырыстарында алдын ала қаралып, оң қорытындылар алды.

Барлық диссертациялық жұмыстар белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделген.

Диссертациялар диссертациялық кеңес құрған, әрқайсысы 3 (үш) адамнан тұратын сараптамалық комиссиялардың қарауына жіберілді.

Диссертацияларды қорғауға қабылдау, рецензенттерді тағайындау, сондай-ақ қорғау күні мен орнын айқындау әрбір диссертациялық жұмыс бойынша сараптамалық комиссиялардың қорытындылары алынғаннан кейін диссертациялық кеңестің кезекті отырыстарында жүзеге асырылды.

5. Рецензенттердің жұмысына талдау, ең сапасыз пікірлердің мысалдарымен
Нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің кезекті отырысында әрбір диссертациялық жұмыс бойынша рецензенттер тағайындалды. Рецензенттер белгіленген мерзімдерде осы Үлгілік ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша рәсімделген жазбаша пікірлерін ұсынды. Барлық пікірлерде қаралған жұмыстар бойынша ескертулер бар, алайда бұл ескертулер ұсынымдық сипатта екені және диссертациялардың мазмұны мен негізгі тұжырымдарына әсер етпейтіні атап өтілген. Барлық диссертациялық жұмыстар қорғауға ұсынылды. Рецензенттер ұсынған сапасыз пікірлер анықталған жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар
Ұсыныстар жоқ.

7. Мамандандырулар (кадрларды даярлау бағыттары) бойынша философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежесіне ұсынылған диссертациялар саны – 9

1. Қорғауға қабылданған диссертациялар – 9 (тоғыз), оның ішінде 6 жұмыс Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университетінің докторанттарымен, 1 жұмыс Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің докторантымен, 2 жұмыс М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің докторанттарымен ұсынылған.

2. Қараудан алынған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттары) – жоқ;

- диссертациялық
- Б.У. Куспанғалиев
- Н.И. Бердікүл